| | |
|---|---|
| ҚАЗ ҰТЗУ | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ<br><br>Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ |

| | | |
|---|---|---|
| 3 – деңгейдегі СМЖ құжаты | 2015 жылғы «13» 09<br>№1 басылым | Е 029-04.41.1.20.02-2015 |

**Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру**

**ЕРЕЖЕСІ**

**Е 029 – 04.41.1.20.02-2015**

**Алматы 2015**

## АЛҒЫ СӨЗ

**1** Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің Қашықтан білім беру институтында **ӘЗІРЛЕНДІ**

Қашықтан білім беру институтының директоры
«15» 09 2015 ж. ____________ Ж. Отарбаев

**2 КЕЛІСІЛДІ**

Оқу – әдістемелік жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор
«15» 09 2015 ж. ____________ С. Жүсіпбеков

Қолдау растау үшін / Для заверения подписей

Академиялық мәселелер департаментінің директоры
«14» 09 2015 ж. ____________ А.Сапаров

Тіркеу кеңсесінің директоры
«12» 09 2015 ж. ____________ Д.Ақпанбетов

Ақпараттық технологиялар департаментінің директоры
«12» 09 2015 ж. ____________ А.Мұстафина

Тау-кен-металлургия *институтының директоры*
«12» 09 2015 ж. ____________ *Қ.Рысбеков*

Сәулет және құрылыс институтының директоры
«12» 09 2015 ж. ____________ І.Дюсембаев

Базалық білім беру институтының директоры
«11» 09 2015 ж. ____________ Р.Бердібаев

Жоғары технологиялар және тұрақты даму институтының директоры
«11» 09 2015 ж. ____________ С.Көмеков

Геология және мұнай-газ ісі институтының директоры
«11» 09 2015 ж. ____________ Е.Бесімбаев

Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар институтының директоры
«10» 09 2015 ж. ____________ Б.Ахметов

Өнеркәсіптік инженерия
институтының директоры
«10» 09 2015 ж. — Ө.Тұрдалиев

Экономика және бизнес
институтының директоры
«09» 09 2015 ж. — С.Әбдіғаппарова

Ішкі аудит департаментінің директоры
«08» 09 2015 ж. — Б.Кәленова

Сапа менеджменті жүйесін
үйлестіру бөлімінің бастығы
«07» 09 2015 ж. — А. Сауранбаева

Заң және құжаттамалық
қамтамасыз ету бөлімінің бастығы
«04» 09 2015 ж. — Б.Туткина

Мемлекеттік тілді дамыту
басқармасының бастығы
«03» 09 2015 ж. — М. Мұнара

**3** «11» 09 2015 ж. №68 бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ**

**4** Бірінші рет **ЕНГІЗІЛДІ**

# МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ережелер 5
2 Нормативтік сілтемелер 5
3 Терминдер мен анықтамалар 6
4 ҚБТ бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру 7
Өзгерістерді тіркеу парағы 14

## 1 Жалпы ережелер

1.1 Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде (бұдан әрі - Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ) қашықтан білім беру технологияларының (бұдан әрі - ҚБТ) келесі түрлері: желілік және кейс технологиялары жүзеге асырылады.

1.2 *Осы Ереже Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-да қашықтықтан білім беру* технологиялары бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру тәртібі мен шарттарын анықтайды.

## 2 Нормативтік сілтемелер

Бөлімше қызметі келесі нормативтік құжаттармен реттеледі:

- 2007 жылғы 27 шілдеден №319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; 21.07.2015 жылғы өзгертулер мен толықтыруларымен.
- 2011 жылғы 18 ақпандағы №407- IV «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 29 қыркүйектегі өзгертулер мен толықтыруларымен.
- ҚР Президентінің «2011-2020 жылдарға Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» Жарғысы;
- 2013 жылғы 20 мамырдағы №499 ҚР Үкіметінің Қаулысымен бекітілген жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім беру қызметінің типтік ережелері.
- 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Білім және ғылым министрлігімен бекітілген білім алушылардың оқу үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестация өткізудің типтік ережелері (04.11.2013 ж. өзгертулермен);
- 2012жылғы 19 қаңтардағы №111 ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген жоғары білім берудің кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелері (19.04.12 жылғы № 487 өзгертулермен).
- Қашықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру Ережелері (19.01.2012 ж. №112);
- 2010 жылғы 17 қарашадағы №527 ҚР БҒМ бұйрығымен бекітілген, оқулықтар, оқу – әдістемелік кешендер мен құралдарды дайындау, сараптау және баспаға шығару бойынша жұмыстарды ұйымдастыру Ережелері (20 қыркүйек 2011 жылғы № 398 өзгертулермен)
- Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелері (2011жылғы 20 сәуірдегі №152) 02.06.2014 жылғы өзгертулер мен толықтыруларымен;
- 2012 жылғы 19 қаңтардағы 110 Қазақстан Республикасының Үкіметімен бекітілген, Білім беру ұйымдарының типтері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қалпына келтіру ережелері;
- СТ РК ИСО 9001-2009. Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар;
- Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ сапасы бойынша нұсқаулық;
- Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ регламенті;
- Осы Ереже.

## 3 Терминдер мен анықтамалар

3.1 Қашықтан білім беру технологияларын жүзеге асыратын білім беру ұйымының Интернет-ресурсы – білім беру үдерісінің қатысушылары үшін әкімшілік-академиялық ақпараты бар Интернет-ресурс;

3.2 Ақпараттық-білім беру порталы – ҚБТ бойынша білім беру процесін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін, әкімшілік-академиялық оқу-әдістемелік ақпараты бар Интернет ресурстар мен сервистердің жүйелі ұйымдастырылған өзара байланысты жиынтығы;

3.3 Ақпараттық-білім беру ресурстары – білім беру сипатындағы нысандандырылған идеялар мен білім, әртүрлі мәліметтер, оларды толтыру, сақтау және ақпарат көздері мен тұтынушылар арасындағы әртүрлі әдістер мен құралдар;

3.4 Қашықтықтан оқытудың ақпараттық технологиясы – электронды нұсқаларда оқу материалдарын жасау, беру және сақтау технологиясы, оқу үдерісін ұйымдастыру мен қолдаудың ақпараттық-телекоммуникациялық технологиясы;

3.5 Кейс – білім алушыларға өздік жұмыс үшін берілетін, әртүрлі тасымалдаушылардағы (баспа, аудио, видео, электронды материалдар) оқу материалдарының жиынтығы;

3.6 Кейстік технология: қағаз, электронды және басқа да тасымалдаушыларда оқу-әдістемелік материалдарды жинақтауға және оларды білім алушыларға өздігінен оқу үшін таратуға негізделген технология.

3.7 Контент – оқу материалдарын (мәтіндер, графика, мультимедия және басқа да ақпараттық маңызды толысу) ақпараттық толықтыру;

3.8 Мультимедия – пайдаланушыға әртүрлі мәліметтермен (графикамен, мәтінмен, дыбыспен, бейнемен) диалогтық режимде жұмыс істеуге мүмкіндік беретін, аппараттық және бағдарламалық құралдар кешені;

3.9 Желілік технология – оқу әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету, білім алушылардың оқытушымен және бір-бірімен интербелсенді өзара әрекет ету формалары, сонымен қатар Интернет желісін пайдалану негізінде оқу үдерісін басқару технологиясы;

3.10 Тестілеуші кешен – білім беру үдерісінің барлық деңгейінде білім алушылардың оқу материалдарды меңгеру дәрежесін анықтауға арналған бағдарламалық құрал;

3.11 Тьютор – білім алушыларға оқытушылар оқытатын пәнді меңгеруге көмектесетін тұлға;

3.12 On-line сабақтар – шынайы уақытта ақпаратпен алмасу.

3.13 Off-line сабақтар – еркін уақыттық кеңістікте ақпаратпен алмасу.

## 4 ҚБТ бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру

4.1 ҚБТ бойынша білім алуға ниет білдірген тұлғалар, Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ университеті Басшысының атына, оқуда ҚБТ пайдалану мүмкіндіктері туралы уәждемеленген негіздемесімен және растайтын құжаттары көрсетілген, өтініш жазады:

1) мамандық бойынша жұмыс істеушілерге - жұмыс орнынан анықтама;

2) мүгедектер үшін – психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестік ұсынысы.

4.2 Өтініш бес күнтізбелік күнде қарастырылады. Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ университет Басшысының бұйрығы білім алушының қолданатын ҚБТ көрсетілуімен екі күнтізбелік күнде рәсімделеді.

4.3 Бұйрыққа қосымша тіркеледі:

алады, кез келген анықтамалық ақпаратты, on-line сабақтардың және емтихандардың кестесін ала алады **(www.webinar.kazntu.kz).**

Жетекші оқытушылар дәрістерінің видеокурсы кіретін сандық интербелсенді білім беру ресурстарының базасы бар.

Вебинарлардың мүмкіндіктерін күндізгі оқыту мүмкіндіктерімен толық салыстыруға болады, бұл технологияның ерекшелігі оқытушылармен on-line қарым-қатынас жасау мүмкіндігінде.

Ұйымдастырушылық – әкімшілік ақпарат ҚБТ пайдаланатын студенттер контингентінен тұрады (ректор бұйрықтары, академиялық ағымдар, академиялық күнтізбелер, кесте графиктері және т.б.)

Әрбір студентте білім беру порталындағы (**portal.kazntu.kz**) жеке кабинетіне кіру үшін сәйкестендірілген ену жолы бар. Оқу-әдістемелік ақпарат студенттердің жеке кабинетінде болады:

- білім алушының университетте болуы бойынша нұсқаулық;
- БЖОЖ бойынша нұсқаулық
- студент пен оқытушының ар-ождан кодексі;
- компьютерлік тестілеу өткізу;
- оқу үдерісінің кестесі;
- оқу материалдары (**lms.kazntu.kz**):

а) ПЭОӘК;
б) СЭОӘК;
в) толық мәтінді кітаптардың электронды кітапханасы;
г) электронды мультимедиялық оқу курстары;

- пәнге тіркелу:

а) курсқа жазылу бойынша ескертпе;
б) элективті пәндер каталогы;
г) оқу жылының курсына жазылу;
е) тіркеу формасы;
ж) ағымдағы оқу жылының жеке жоспары;

- оқу сабақтары мен сессиялардың кестесі:

а) емтихандар кестесі;
б) оқытушылар кестесі;
в) жазғы семестр курстарының кестесі;

- сауалнама жүргізу;
- жұмыс берушілер үшін түйіндеме қосу;
- эдвайзер;
- компьютерлік тестілеу (ОЖСБ) (байқама)
- үлгерімі
- жеке ақпарат
- жөнге салу
- ҚазҰТЗУда Wi-Fi қолжетім аймақтары;

Егер студент ҚБТ оқу үдерісінде қолданса, студенттің жеке кабинетінде Қашықтықтан оқыту модулі көрінеді **(www.webinar.ntu.kz).**

- қашықтықтан оқыту:

а) on-line оқыту:

- онлайн-тақта;
- чат;
- видео-конференция;
- дауыс беру;

б) off-line оқыту:

- өткен on-line сабақтарды көру және тыңдау;

4.7 ҚБТ бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру кезінде қолданылады:

- телекоммуникациялық желіге (Интернет) қосылатын жабдықтар;
- бақылау мен оқытуды басқарудың, қашықтықтан білім беруді қолдауға арналған модульдік бағдарламалық қамтамасыз етудің желілік нысандық-бағдарлы жүйесі;
- оқытудың техникалық құралдарымен жабдықталған мультимедиялық сыныптар, электронды оқу залы;
- оқу контенті (электронды және қағаз тасымалдаушылардағы ПОӘУ);
- желілік оқу мультимедиялық контент;
- желілік тестілеуші кешен;
- оқытуды басқарудың желілік жүйелері;
- оқу контентін басқару жүйесі.

4.8 желілік және кейстік технологиялар кезінде міндетті және қосымша жинақтар кіретін пәннің электронды оқу-әдістемелік кешендері қалыптасады.
Міндетті жинаққа кіреді:

1) пәннің мазмұны, күнтізбелік тақырыптық жоспар, ұсынылатын әдебиеттер тізімі (негізгі және қосымша), пәннің модульдік бөлінуі, қашықтықтан кеңес беруді өткізу кестесі кіретін жұмыс оқу бағдарламасы;
2) дәрістің электронды конспектісі;
3) практикалық және семинар сабақтарының материалдары;
4) студенттің өздік жұмысы мен студенттің оқытушымен бірге орындалатын өздік жұмысының тапсырмалары;
5) аралық бақылауды (бақылау жұмыстар, тест тапсырмалар, дербес тапсырмалар) ұйымдастыру бойынша материалдар;
6) қорытынды бақылауды (тестілік емтихан сұрақтары, емтихан сұрақтары, емтихандық бақылау жұмыстары) ұйымдастыру бойынша материалдар.

Қосымша жинаққа курстық жұмыстарды орындау бойынша әдістемілік нұсқаулықтар, оқыту сипатындағы компьютерлік бағдарламалар: тренажерлар, репетиторлар, анықтамалық-әдістемілік материалдар, пәннің оқу материалдарын меңгеруге септігін тигізетін, оқу және оқу-әдістемілік құралдарды орындаудың мультимедиялық нұсқалары кіреді.

4.9 Академиялық сұрақтар бойынша Департамент (ары қарай АМД) және Тіркеуші кеңсе қашықтықтан білім беру Институтымен (ары қарай ҚБИ) бірге ҚБТ бойынша оқу үрдісін жоспарлайды және ұйымдастырады.

ҚБИ мен тіркеуші кеңсе ҚБТ бойынша оқитын студенттердің оқу үлгерімі мен жеке істерімен байланысты құжаттама жүргізеді.

Деканаттардағы басқарудың ақпараттық жүйесі білім алушылардың мәліметтері базасынан (оқуға қабылдау, ауыстыру, қайта қалпына келтіру туралы бұйрықтары, білім алушының ағымдағы оқу үлгерімі туралы мәліметтері) тұрады.

4.10 ҚБИ-ның ОАТ бөлімі Ақпараттық технологиялар Департаментімен (ары қарай АТД) бірге:

- қашықтықтан оқытудың бағдарламалық, ақпараттық және техникалық құралдарын пайдалануды әзірлейді, меңгереді және қолдау көрсетеді;
- оқытушылар мен тьюторлардың біліктілігін көтеруді жоспарлайды, ҚБТ бойынша мәліметтердің бірыңғай ақпараттық базасына қызмет көрсетеді;

- ақпараттық телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, оқу үдерісіне қатысушылардың өзара әректтесуі арқылы білім алушыларға ғылыми және әдістемілік көмек көрсетеді.

- әкімшілік ақпараттарды: студенттер туралы мәліметтер, әкімшіліктің хабарландыру тақтасында орналастырылған материалдарды жинайды және өңдейді.

- студенттердің материалдарды меңгеруі туралы статистика, оқу үдерісін жүргізу тәртібі бойынша ескертпелер мен ұсыныстар.

4.11 Университеттің оқу иститутарының кафедралары ҚБТ дидактикалық құралдарының, электронды оқу курстарының, мультимедиялық курстардың, ҚБТ басқа да әдістемелік құралдарының әзірлемелерін, «Тестілеу» қосалқы жүйесін, ақпараттық жүйені және білімді тексерудің басқа да құралдарын, ҚБТ үшін ақпараттық ресурстарды пайдалану әдістемесін жасайды.

4.12 Оқу қызметінің барлық түрлері:

1) телекоммуникациялық құралдарды немесе білім беру ұйымында тікелей байланысты пайдалана отырып, білім алушылармен педагогикалық қызметкердің немесе тьютордің педагогикалық қарым-қатынасы арқылы;

2) оқыту құралдарымен (ПЭОӘК, қосымша әдебиет) білім алушының өздік жұмысы арқылы жүзеге асады.

Кейстік технология кезінде, Интернетке шығу мүмкіндігі жоқ студенттер үшін пәндер бойынша кейстер қалыптастырылады.Кейстер ақпараттың қатты электронды немесе қағаз тасымалдаушыларына жазылады. Кейске ПЭОӘК-нің міндетті және қосымша жинақтары кіреді.

Студентті кейстік технология бойынша оқытуды ұйымдастыру кезінде семестрдің басында кейс (электронды немесе қағаз тасымалдаушыларында) беріледі. Кейстер ҚБИ ОАТ бөлімімен беріледі. Орындалған тапсырмаларды студенттер белгіленген уақытта ПОҚ-тың мекенжайына пошта арқылы жібереді.

4.13 Оқытудың желілік технологиясы кезінде «on-line» және/немесе «off-line» режимінде оқу үдерісінің жеке кестесі бойынша өткізіледі.

Жеке кесте - online кеңес беру уақыты көрсетілген кесте, яғни студент пен оқытушының қарым-қатынас жасау уақыты.

Кесте жұмыс оқу жоспарына сәйкес құрастырылады, онда ҚБТ қолданатын топтар үшін on-line оқыту сағаттары бөлінеді.

On-line және off-line сабақтар ҚОҚ қолдану арқылы: видео конференциялар, файлдарды айырбастау, чат, ПЭОӘК және т.б. жүзеге асырылады.

4.14 Білім алушылардың оқу үлгерімінің ағымдық бақылауы бақылау іс-шараларының күнтізбелік графигі бойынша жүзеге асырылады.

Білім алушылардың оқу үлгерімінің ағымдық бақылауы **on-line** және **off-line** режимінде студенттердің практикалық, зертханалық, өздік және т.б. жұмыстарын бағалау арқылы жүргізіледі.

Жұмыстар оқытушыға:

- желілік технологиялар арқылы электронды поштаға жіберіледі;
- кейстік технология кезінде файл қағаз бетіне немесе CD-дискіге жазылады, және оқытушының электронды поштасына немесе білім алушы кафедраға өзі жеткізеді және оқытушының өзіне береді.

Бақылау іс-шараларының күнтізбелік кестесі бойынша аралық бақылау білім алушылардың емтихандық сессияға (емтихан аптасы) келген кезде жүргізіледі.

Қорытынды бақылау академиялық күнтізбеге сәйкес және университетте оқытушының студентпен тікелей байланысы арқылы жүргізіледі.

4.15 Ағымдық және аралық бақылау үшін ұпай бөлінеді және пәннің **Syllabus**-ында көрсетіледі, және студенттердің **on-line** және **off-line** сабақтарға қатысуын, практикалық, зертханалық, өздік және т.б. жұмыстарды орындауын ескере отырып, оқытушымен қойылады.

4.16 Аралық бақылау (емтихан) академиялық күнтізбеге сәйкес өткізіледі. Білім алушылар пән бойынша аралық аттестацияға:

- жұмыс оқу бағдарламасымен бекітілген барлық бақылау іс-шараларын орындап, тапсырғаннан кейін;
- кіру рұқсаты рентингінде жақсы баға болса;
- on-line кеңес берудің кем дегенде 3-іне қатысуы кезінде (желілік технология кезінде);
- ақылы білім беру қызметін көрсету келісімшартына сәйкес оқу ақысын төлегеннен кейін жіберіледі.

4.17 Оқу сабақтарының барлық түрлері бойынша жоғары білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың оқу жетістіктері білімді бағалаудың әріптік ұпайлық – рейтингтік жүйесі бойынша бағаланады.

4.18 ҚБТ кезінде Мемлекеттік емтихандар, курстық және диплом жұмыстарды (жобаларды) қорғау университетте көпшілік алдында жүзеге асырылады.

4.19 Оқу жоспарымен қарастырылған тәжірибе ретінде салалық кәсіпорындарда, мекемелерде немесе басқа ұйымдардағы жұмыстар білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен қарастырылған сағаттар көлемінде есептеледі.

4.20 Кәсіби тәжірибе мамандықтың ерекшелігіне қарай академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі. Кәсіби тәжірибе мазмұны шығарушы кафедра мен Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ Ғылыми кеңесімен бекітілген бағдарламамен анықталады.

4.21 Негізгі оқу қызметінен басқа ОАТ бөлімімен ұйымдастыратын онлайн іс-шаралар: шетел университеттерімен онлайн семинарлар, кафедра меңгерушілері шынайы уақытта онлайн конференциялар, студенттерге шетел профессорларының кеңес беруі мен акдемиялық мобильділік бағдарламасы бойынша жолға шыққан ҚазҰТЗУ студенттері үшін ПОҚ онлайн дәрістерін үнемі ұйымдастырады.

ҚБТ бойынша оқу үшін негізгі шарттардың бірі интернеттің болуы!

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетте қашықтан білім беру технологиялары 2010-2011 оқу жылынан бастап оқу үдерісінде қолданылады.

## Өзгертулерді тіркеу парағы

| Өзгерістің реттік нөмірі | Құжаттың бөлімі мен бабы | Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою) | Хабарламаның күні, нөмірі | Өзгеріс енгізілді | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Күні | Аты – жөні, лауазымы, қолы |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |